


ІЗТҰРҒАН САРИЕВ

Жаныбы Ойран





ІЗТҰРҒАН САРИЕВ

Қазірыңың ойраңы

Тарихи очерктер



Алматы

«Жазушы»

2001

ББК 63.3 (5 Қаз.)

C 22

C 22 Сариев I.

Қанды ойран: Тарихи очерктер - Алматы. **Жазушы**, 2001
208 бет

Ішкі істер министрлігінін полковнип, марқұм Ізтұрған Сариевтын бұл кітабында Маңыстау өнірінің тарихи ескерткіштері, ел қорғаған кас батырлары мен билері, ақын-жырау, күйшилері жайлы шежірелі сыр щертиліп, 1931 жылғы «Адай көтеріліс» хакында ресми материалдар беріледі

Негізине архив құжаттарына сүйене отырып өрілетін тарихи танымдық мәні зор бул шығарма оқырмандарын бей-жай калдыра алmas деген үміттеміз

C 402/051 " құлактандырусыз.-2001

ББК 63.3 (S Қаз)

ISBN 5-605-01742-X

©«Жазушы» баспасы, 2001

КІРІСПЕ

(автордан)

Қандай ел, қандай халық болмасын өзінің отанына, атамекеніне, туған өлкесіне, кіндік қаны тамған жеріне деген сүйіспеншілігі өзгеше ыстық болатыны анық. Осыдан болар деймін өз еліміздің басынан өткен өмірге көз жіберсек, ойыңа әр килем оқиғалар елестейді. Соның ішінде атамекеннің басынан кешірген қасіреттері, оның тәуелсіздігі үшін аянбай еңбек етіп, тер төгіп, шейіт болған ата-бабалардың аруағын еске алу кейінгі ұрпақтың міндеті екені белгілі. Осы ретте Манқысташ өлкесі қазактарының көрген қасіреті жөнінде бір азғантай тарих актандақтарының бетін ашамыз ба деген үмітпен осы еңбекті сіздердің алдарыңызға тартуды жөн көрдік.

Бұл — Қазақстанның ең шет аймағында орналасуына, казактың басқа жерлері мен байланысының киындығына, жерінің көпшілігі шөл, шөлейт болғандығына қарамастан, табиғаттың осындай ауырлығына көндігіп, бауыр басып, ғасырлар бойы атамекенің қорғап, сыртқы жаулармен алысып өмір кешкен ел.

Манқысташ еліне өмір бойы Хиуда хандығы қыр көрсетіп, осы елді өзіне бағындыру үшін талай рет кан қақсатып, қанды шабуыл үйымдастырып, халықты ауыр күйзелістерге ұшыратқан. Бұған коса патша үкіметі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Манқысташ жеріне орналасып алдып, өзінің үстемдіпн жүргізген. Бұлардың елге жасаған киянатына қарсы Манқысташ қазактары қарсылығын білдіріп, өздерінің бостандығы үшін арпалысып өткен. Үлкен-үлкен бас көтерулер болған. Солардың ең бір ауқымдысы 1870—1874 жылдары Досан Тәжіұлы бастаған Адай көтерілісі. Патша үкіметі Жайық өзенінің бойын бағындырғаннан кейін, Манқыстадың екінші бөлігін, оның шығыс бетін, Жем, Сағыз, Ойыл өзендері бойын, Каспий теңізінің солтүстік жағасын бағындыру үшін де бірнеше рет әрекет жасап, елді күйзеліске ұшыратқан. Бұған қарсыласқан халық, ел батырлары Төремұрат, Нарымбай, Өтен тағы баска ел азаматтары кан төгіп, шейіт болған. Осы сиякты үлкенді-кішілі ел карсылықтары аса қатандықпен басылғаннан

кейін, Манқыстау елі біржола патша занына бағынып, бостандықтан айырылады.

Осындай корлық пен зорлықты ғасырлар бойы басынан кешірген Манқыстау елі Қазан төңкерісі келіп, оның үгітшілері мен басшыларының көпірме өтірігіне, алдау-арбауына калай түсіп калғанын да білмей калды. Кеңес үкіметі Манқыстауда казан төңкерісінен 15 күн өткеннен кейін орнады. Халық бостандық алдық, тәуелсіз ел болдык деп, бөріктерін аспанға лактырып, бұл үкіметті шын ниетпен карсы алып, оны орнықтыруға белсенді түрде ат салысты. Бірак кызыл большевиктердің алаяқтығына алданып калғандарын кейін түсінді. 1920 жылдардың ортасынан бастап-ақ халық үлкен ауыртпалыққа душар болды. Елдің әлеуметтік, түрмис жағдайы күрт төмендеді. Альм-салық көбейді, асыра сілтеуашлік орын алды. Көшпелі елді отырыштылықка зорлады, ұжымшарға кіру еріктілігі бұзылды. Байлардың, орта-шаруалардың мал-мұлқі тәркіленді. Ең бастысы, жергілікті әкімшілік «шаш ал десе, бас алып», асыра сілтеуашліктің алуан түрлі зымияндығын іске асырды. Осыларға өздерінін наразылығын білдірген ел азаматтары күйніштылыққа ұшырап, көптеген азаматтар жазықсыз жазаланды. Жергілікті әкімшілік салықтың, мал дайындаудың негізді, негізсіз түрлерін көбейтті. Мұның үстіне байлардан тартып альянfan малдың кім көрінгеннің аузында кетуі және бағымсыздықтан өлім-жітімнің көбеюінін салдарынан мал басы күрт төмендеді. Тек кана малмен күнелтіп отырған халық не жасарын білмей, кей жерлерде салық төлеуден бас тартып, қарсылық керсете бастады. Мұндай жағдайды әкімет¹ басшылары округтің басшы кызметкерлерінен көріп, оларды ел баскарудан шеттетіп, көпшілігін орынсыз жазалады.

Тек 1929—1930 жылдары Манқыстау округінен, бұрынғы төңкеріс комитетінің төрағасы Элниязұлы Тобанияз бастаған 70 адамды, Құрмаш Қосжанұлы тобынан 42 кісіні бір мезгілде тұтқындалап, бұлардың 43-ін ату жазасына кесті, калғандарын ұзак жылдарға концлагерьге айдады. Бұл сиякты үкімет шаралары халықтың наразылығын бөсендетудің орнына қүшайте тұсті. Бұны місі тұтпаған үкімет басшылары, тағы бір қитұркы саясатка жол беріп, елдің бірлігін азайтамыз деген мақсатпен Адай округін таратып, бірката болған Гурьев, Ақтөбе округтеріне және Түрікмен республикасына кости. Дегенмен мұндай айла-шарғыдан да ештеме шықпады. Манқыстау елі колына корағаш алып карсы тұруға мәжбур болды. Мұның кандай қайғымен біткені алда сөз болмак. Дегенмен, бір сезben айтқанда, Манқыстау казактарының бұдан көрген касіреті мен азабы Қазақстанның басқа аумактарынан өлдекайда қайғылы болды, аяусыз жаншылды. Халықтың адам айтқысыз қырғынға, күйніштылыққа, қайыршылыққа ұшырап, туған жерін, елін тастап, басы ауған жакка қанғырып кетуіне әкеліп сок-

тырды. Мұндағы алапат әрекетті басынан өткергендерден басқа ешкім білген жок. Бұл халықтан жасырылды, өте құпия сакталды.

Мұның қағаз бетіне түсірілуіне 1995 жылы гана мүмкіндік туды. Бұл жөнінде «Ойрандалған адай даласы» деген кыскалау очерк жарық көрді. Мұнда да көп мәселелердің беті ашылмай калды. Осыған байланысты сіздердің алдарынызға осы оқиғалар, елдің тарихы, оның ескерткіштерін, атакты ел корғаған батырларын, кара кылды как жарған би, бабаларын, ақын-жырауларын, әнші күйшілерін, елдің әдет-ғұрпышын, дәстүрін аз да болса өз білгенімізше көрсетіп кетуді дұрыс деп санадық. Осыған қоса 1931 жылғы Манқыстау өнірінде болған Адай көтерлісі жөніндегі ресми мағлұматтарды толықтырып көрсетуді де жөн көрдік.

Бұл еңбекті бастамас бұрын оқырмандардың есіне салып кететін бір мәселе, көтерліске қатынаскандардың, катынаспай оларды қолдағандардың, аты-жөнін, руын, кім екенін көрсетуіміздің себебі, артында қалған ұрпақтары табылып жатса, солар білсін, дәріптеп айта жүрсін деген ізгі ниет. Екіншіден, осы арқылы көтерлісшілер жөнінде біз білмейтін малұматтар табылып қала ма деген үміт те жоқ емес.

Тағы да бір айтпай кетуге болмайтын жәйт. 1931 жылғы көтерліске үкімет басшыларының өзі «Адаевское банды — восстание» деп ресми түрде ат беріп, айдар таққан. Мұның басты себебі бұған қатынаскандардың бәрі тек кана адайлар болған, осыдан бүкіл адай елі банды атанған. Ал казак жеріндегі сол кездегі көтерлістердің барлығы дерлік жер аттарымен аталғаны белгілі.

Ал біздің кейіпкерлердің қай рудан екенін ашып көрсеткен себебіміз, бұлардың көбі құжаттарда өз аттарымен немесе әкесінің аттарымен ғана көрсетілгендейтін, ажыратуға онай болсын деген мақсат.

Бұл Манқыстау елінің касіреті жөніндегі мөліметтер қағаз бетіне бұрын түспегендіктен, казіргі жастар Манқыстау деген атын ғана білмесе, жер өзгешелігін, жерінің шалғайлығын, климатының езгешелігін жөне ең бастысы көтерлісшілердің қактығыска қатынасып, қаны тамған жер-су аттарын білмейтіні анық. Сондықтан бұларды да білу артық болмас деп ойлаймыз.

I ТАРАУ

Казактың ұлан байтак өлкесінде шөлді жерлер де, шөлейт жерлер де, орманды, көгалды жазиралы даласы да, аскар таулары да, өзендері мен көлдері де жеткілікті. Осыншама кең даланы иемденіп, оны корғап, оның ыстығына күйіп, сұрығына тоңып, сыртқы жаулардан корғап өткен бабаларымыздың еңбегін зая етпей кейінгі ұрпак та осы сияқты еңбегімен, парасатты саясатымен, болмай бара жатса, ак білектің күшімен, ак наизаның ұшымен сактап калған. Осындай кең даланың бір бөлегі — терістігінде Ойыл, Үрғыз өзендерінен: батысы Каспий теңізінің терістік жағалауынан басталып, тұстік жағы теңіздің терістік бетімен, одан солға карай Түрікмен шекарасымен, Каракалпак жеріне дейін ұласып жаткан Манқыстау түбегі, Устірт үсті. Бұл өнірдің жер аумағы — Кавказдың сыртындағы үш мемлекеттің жерлерін қосып есептегенде сиып кететін немесе Балтық теңізі жағалауындағы Латвия, Литва және Эстония жерлерімен пара-пар, сегіз миллион гектар жерді алып жаткан кең байтак алқап.

Бұл жер канша кең болғанмен, жазиралы, құнарлы, сулы, малжанга колайлы деп айтуға болмайды. Осындай катан табиғаттың салдарынан бұл жерлерде ертеде болған өзендер, көлдер, бұлактар көзі бітіп, шексіз шөл далаға айналған. Бұл өнірді тек қана ыстықка шыдамды, ылғалды тереңнен алатын жусан, изен, баяльш тағы басқа құнарлы шөптер жапкан. Теңіздің толқынныңдай ұзын-ұзын жалдар, бір-бірімен жалғасып жаткан боз төбелердің бірінен өтсөң екіншісі басталып, шеттері жоқ болып көрінсе, екінші бір бөлегі ұшы-қыры жоқ, айлап жүретін тегістік. Бұл жерлерде де жусан, бұйырғын, ебелек өседі. Ал көктемде түрлі құнарлы ак шөптер — қоңырбас, мысық құйрық, шытыр, сінбірік тағы осындалар өседі дегенге адам сенбейді. Бірақ бұлардың ғұмыры бір айдан аспай, күйіп кетеді. Осындай далада алдыннан жап-жақын болып көрініп, бірак ертеден кешке дейін жеткізбейтін, көзді алдаушы сағымдар, талай жолаушылардың діңкесін құртып, анқасын кептірген. Бұл жерлерде жаздың ыстығында басыңда көленке етерліктеі, қыста ықтын боларлықтай бас сауғалайтын итсейгектен басқа ешкандай биік шөп те болмайды. Оның қауқары тек тұлқі, карсак, кояндарға гана түспесе, басқаға шарқы жетпейді.

Осындай жерде өмір сүріп шыдау үшін, тіршіліктің камын тек кана төзімділік пен ерінбеген еңбек атқарады. Жергілікті халық осы үшін өмір бойы күресіп келеді. Судың тапшылығы егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік бермейді. Халық бұрын бұлак суларын пайдаланып азантай бау-бакша өсірген болса, қазір судың тартылуына байланысты мұндай мүмкіншілік те болмай калған. Манқыстаудың барлық өнірінде де осындай жағдай. Бұл жердің

жергілікті халкы мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-конып өмір сүрген. Казак жерінде төрт тұлік мал болса, бұлар үш тұлік мал ғана ұстайды, сиыр малын өсіруге климат жағдайы, жемшөптің кемшілігі мүмкіндік бермейді. Кыста кар өте аз түсіп, тез еріп кетеді, жаңбыр бір жазда бір екі рет кана жауады. Осындағы өте қатан табиғат жердің өнірін де өзгертіп, көп жерлер сортанды, күмді, сазды төбелер мен дөндер болып калған. Міне Аллатагаланың жаксылық мейірінен тыс қалған жердің сикі осындағы десек, артық айтқандық болмас. Дегенмен 10-15 жылдарда бір рет бұл өнірге құдайдың ракымы түсіп, жаңбыр жауып, жерге жеткілікті ылғал беретін кездері де болады. Сонда бұл өнір адам танымастай құлпырып, көздің жауын алып шыға келеді.

Манқыстаудың, Үстірт үстінің бәрі теп-тегіс жазық дала деуге де болмайды, бұл жерлерде таулар да жок емес. Олар көп те емес және Кавказ, Алатау, Памирлердей болмағанмен терең кияларымен, ұшпаларымен, сай, жықпыштарымен ерекшеленеді. Бұлардың биіктігі 500-1000 метрден аспайды және бір ерекшелігі, бұл таулардың қойнаулары карағай, қайыңсыз. Төскейінен бастау алар өзен дер де жок. Бұлардың ең комақтысы Каспий теңізінің шыңыс жагасындағы, Бозашы түбегіне жақын орналаскан Қаратай, Ақтаулар. Нак осылардай болмағанмен, шағын таулар мен биік жалдар да Үстірт үстінде баршылық. Сағыз, Кайнар өзендері бастау алатын Үстірттің шет жағындағы шаткалды да Алатау деп атайды. Бұл шындығына келсек тау емес, үсті тегіс, өте құнарлы, бұлактар мен құдықтары мол, ел жайлауға қолайлы жер. Жазда шыбын, шіркей дегендер болмайды, мал жазғы бір-екі айда өте жаксы қонданып, семіреді.

Бұл өнірдегі ең үлкен өзен Жем. Бұның да бойы карағайлар, қайыңды болмағанмен жыңғылды, тобылғылы, камысты, кияқты болып келеді.

Дүние жүзіндегі ең терең шұңқыр, Каракия ойпаты да, осы өлкеде, Каспий теңізінің жағасында, Манқыстаудың ойында.

Үстірт үсті, Манқыстау түбегінің табиғаты ерте заманда жаман болмаган дейді. Әсіресе кәзіргі су тапшылығынан ол кезде халық зардапты аз шеккен. Жері құнарлы, өзендер де, бұлактар да мол болған. Кысы жылы келетіндіктен шөп шауып, қора салудың керегі де жок екен. Мал өз аяғымен жайылып, шыбын-шіркей, маса, сона дегендерді білмеген. Соңдықтан бұл елдің мал басы қазак жерінің көп елінен көп болған. Кейіннен табиғаттың өзгеруіне байланысты, жаңбырдың аз жаууынан, бұлактардың көзі бітіп, өзендер құрғаған. Осьдан болу керек жергілікті халық шынырау құдық қазып, соның сүйн пайдаланған. Жазда бұл жерлерде ел аз калып, көбі Жем өзенінен өтіп, одан әрі қарай көшіп, жайлауға шыққан.

Бұл өнірде жергілікті халық «айранын ұрттап, қойын құрттап» жайшылық өмір сүріп, күн көру қамын ойлаған. Тарихта да,

естеліктерде де, барлық казак халқы жөнінде, сонын ішінде Манқыстау казактары да еш уақытта басқа елге шабуыл жасап, біреуге зорлық істеді, біреудің жеріне, еліне көз алартты деп айтылмайды. Ал керісінше, біздің қазактың жеріне, байлығына қызығушылар да, шапқыншылар да аз болмаған. Соңдықтан өмір бойы осындағы дүшпандармен алысып, кайырлы қонысты қорғауда кан төгіп, шыбын жаңын пида еткен батыр бабалар, ел азаматтары аз болмаған. Сонын айғақтары — осы күнге дейін «қырғын» деп аталатын шейіт болғандардың кауым-мекендері өте көп.

Манқыстау тұбегінде, Үстірт үстінде тарих деректеріне, естеліктерге, аныздарға Караганда, көшпелі халық ертеректе аңшылықты серуен, саяхатшылық, демалуға пайдаланса, екінші жағынан кәсіпке де айналдырған. Әсіресе Айракты, Оғыланды, Караган, Қаратай, Эмбі, Онтүстік, Солтүстік Актаулардың барайларында сынсыған аркар, киік, қаракүйрек, тұлқі, қасқыр, мәлік, некен-саяқ барыс пен қаракұлак, қабандар болған.

Ал Үстірттің үстінде дуадақ, жек, қарабауыр, бұлдырық, балшықшы, суында ку, үйрек, карабай мен шағала көз тұндыратын дейді. Бұлардың тұқымы құрып кетпегенмен, бүгінде өте аз.

Кезінде Манқыстаудың табиғи байлығын, географиясын зерттеуші Г. С. Карелин, қазіргі Құланда аралында құлан кездестіргендіктен осы аралды Құланды деп атаган.

Манқыстаудың көп жерінде сексеуіл, теріскен, баяльш, изен, итсигек, сай-салаларында жыңғыл, итмұрын, ши тағы басқа да шөптер өсіп, алуан түрлі жәндіктер мекен етеді екен. Жем бойының шағылдары мен Қарақұм өніріндегі кояндардың шарлаған іздері көз тұндыратының соңғы кездерге дейін өз көзімізben көргенбіз.

Казір Манқыстау өнірінде, Жем өзенінің он бетінде, Иманқара, Койқара дөндерінің жоғарғы жағында киіктерді қамап ұстауға арналып жасалған арандардың қалдықтары кездеседі.

Осындаған де, киын да, табиғаты катаң жерді пайдаланған, өмір тірлігіне ыңғайлап, киындығына көнген халықтардың ең соңғысы казактар болғанға ұксайды. Бірак бұлар кашан келген, кайдан келген деген сауалға тиянакты жауапты ешкім дөп басып айта алмайды. Жер, су аттарының, қауым, мазарлардың, оларға койылған құлпытастардың айтуына, жазуына Караганда, қазактар сияқты түркі тілдес халықтар немесе мұсылман тектес халықтар болтанды анық. Олар да бұл жерден кетіп үлгерген. Жеті жұрт кеткен қайырымсыз коныс деп Асанқайғы бабамыздың айтуы бекер емес сияқты.

Манқыстау жеріндегі 362 өулиелердің көбінің аттары қазак есімдеріне ұксамайды, соған Караганда бұлар казактардың алдында өмір сүрген халықтардан калған деп тұжырымдауға болады.

Тарихтың деректеріне карасақ, Манқыстау жеріндегі Бекет

әулие Адай руының Мұнал бөлімінен тарайды. Бұдан басқа да бірнеше казак тұқымдарынан шыккан әулиелер бар екені анық. Бекет атандың ата-бабалары Жем өзенінің бойындағы, казіргі Құлсары өндірісінен 40-50 шакырымдай жоғары Акмешіт кауымына жерленген дейді. Сол жерден 10-15 шакырымдай төмен ақ бор тауды үнгірлеп жасаған үш бөлмелі Құлшан әулие мазары бар. Мұны да Бекет ата салған деп айтады. Бұдан басқа Бейнеу маңында Бекет ата мешіті тағы бар. Ал өзінің жатқан жері Манқыстауда, Оғыланғы тауында Бекет ата мешітінде, бұл жөнінде әңгіме төменде болады.

Осылар сияқты бір-бірінен қашық емес жерлерде тағы да бірнеше әулиелер мазарлары орналаскан. Солардың бірі Жем бойындағы Құлшан әулиенің төменгі жағында 15 шакырымдай жердегі Бакашы деп аталатын әулие. Бұл үлкен мазар ерте заманнан елдің конысында орналаскан. Аныздарда Бакашы деген атау бір жалғыз басты кемпірден калган дейді. Ол кісі бака жеп күн көргенге ұксайды. Елдің айтуынша өте зерделі, киелі адам болған. Дүние салғаннан кейін осы жерге жерленіп, қауым «Бакашы» аталып кеткен. Бірақ оның шын атының кім екенін ешкім айта алмайды.

Бұл жерден түстікке қарай 50 шакырымдай жерде Үшқан әулие дейтін кауым бар. Мазар өте үлкен, казактардан да бұрын бұл кауымда жерленгендер болған. Мұндағы құлпытастардың жазуын айыру киын. Бұлардың биіктігі 3-4 метрден кем емес, көбі күлап калган.

Құлсары кен орнының онтүстігінен 40 шакырым, қаракүмның шетіндегі Қарашұңғıl ескі кауымы да әулие деп аталады. Бұл елдің қыстағына жакын орналаскан. Мұнай, газ іздеушілер бұл жерді көп зерттеген, XIX гасырдың аяғында мұнай фонтаны атқылаган. Бірақ мұнай көзінің аздығынан жабылып қалған. Дегенмен Қазак мұнай тарихы осы 1899 жылдан, Қарашұңғılден бастау алады деп есеп кылады. Қарашұңғıl зираты көлдің жағасына орналаскан. Соңғы 50 жылдан бері қарай көп өскен, өзгерген. Бір таңқаларлығы көл көп төмендеп, шұнқырға айналған, көл жағасындағы бейіттер су астында калган.

Манқыстау өлкесіндегі әулие атанатын кауымдар мен мешіттердің бәрін тізбелеп жаза беру мүмкін емес. Бұлардың барлығының да өздерінше ерекше тарихы бар, әрқайсысы өздеріне тән естеліктерге, аныздарға бай.

Осылардың ішінен Манқыстаудағы Бостан құмының жоталарында орналаскан Масат зиратын еске алуды жөн көрдік. Мұнда ерте заманғы, тіпті оғыздардан бастап, кейінгі түркмендер мен адай, әлім руларының таңбалары да бар.

Масат мазары, оның мешіті бор тауынан кашалып жасалған. Масат ата біздің жобалауымызша, Түркмен тайпасының батыры, өулиесі, өте білімді, беделді адам болған. Ел аузында калған аныз-

дарға сүйенсек, ол суға салса батпайтын, отка салса күмейтін құдірет иесі. Оның жаулары мұнымен бетпе-бет қарсы келе алмаған. **Оған жауының** кылышы да, найзасы да өтпеген, ерекше жан болған деп дәріптейді. **Масаттың** жаулары мұны өлтіру үшін неше түрлі айла жасағанмен ештеме шыгара **алмаған**. Содан күндердің күнінде, **Масаттың** қасиетін білетін бір сатқыннан: «Ол намазға үйш **тұрғанда** ғана кылыш өтеді, сонда ғана өлтіруге болады»,— дегенді естіп, **Масаттың** намаз оқып **тұрған** шағында сыртынан келіп, кылышпен басын шауып түсірген. **Жауының жасаған** жауыздығына ашуланған Масат-ата, етегіне түскен басын салып алып, жауынын артынан куа жөнеледі. **Осыған** кайғыланған Масат-атаның **құлынды** биесі де **ере** шабады. **Масаттың** жалаң аяғының астындағы кара тас та балқып, оның және **құлынды** биесінін тобыкка дейін баткан іздері таска еніп, осы күнге дейін сайрап жатыр. Кырат басында, кара таста калған өте ірі жалаң аяқ адамның, жылкы мен **құлынның** ізін колдан **жасаған** деуге бола ма? Осыдан Масат-атаның жөй адам еместігін білуге болады.

Тағы бір естеліктерде Бекет-атаның Аral жағалауындағы Баллы жерінде, **Ақтөбе қаласының** таяу маңында да мешіттері **болған** деп айтады. Бұлардың әркайсысында жылдың әр мезгілінде тұрыпты дейді.

Бекет-ата жасы жерортасынан **ауғанша** талай рет елге **шалқыншылық** жасаған жаулармен алысып, ел бостандығын корғаған. Осымен катар түрікмен шапқыншыларымен бітімге де келіп, ел тыныштығын сактауға да **көп еңбек** сінірген. Соның бірі талай рет карсыласып, **тірескең** түрікмен батыры, кейінде әулие атанған Бекдурдымен кол алысып, ант берісіп, ел алдында түрікмен мен казактар арасында тыныштық орнатудың туын көтерген, екеуі де ел басшылары ретінде мешіт салдырған. Бекет-ата **Маңқыстауда**, адай елінде **алғашқы** дін мектебін ашып, ер балаларды оқыткан. **Өзі** дінге берілген, соғылық жолына түскен.

Бекет-атаның **көріпкелдік** қасиеті де болған. Тұс көріп, тұспалдап, **бұлары қебінде** дәл келіп онын абырайын **көтерген**. Эсіресе «кыс катты болады, қарманындар», «жер куаң болады, сактаныңдар», «байлық **мұрат** емес, кедейлік **ұят** емес», «біріңе бірің карасындар» деген сиякты камкорлық **өсиеті оның** беделін көтерген. **Өзі** тұрмысты ойлап, мал-мұлік, дүние **жинамаған**, не болса да соны місе тұтып, «жалаңашпын, ашпын, **жоқпын**» дегенді **құлыктамаған**.

Деректерге Караганда, ол 1814 жылы **өліп**, **Оғыландаға** жерленген. (Ә. Эверсмен, А. О, Дюгамель. Первые Русские научные исследования Устурта, А. Н. СССР, Москва, Стр. 145.).

Енді осы **Оғыланды** жөніндегі ел аузында калған бір естелікке тоқтап өтелік.

Бекет-атаның **жасы ұлғайған** шағында Маңқыстау адайлары

қалмақтарға карсы жорық жасап, көп тұтқын, мал олжамен кайтып, тұтқындарды үлестіре келгенде, Бекет-атаға 15 жасар калмак кызын сыйға тартады. Бекет-ата одан бас тартып: «Мен қартан тарткан кезімде кызымнан кіші баланы қорламаймын, бір адамды канша рет жылатуға болады, қатарына қосындар, менен ұлықсат», – дейді. Сол кезде оның ағасы Құлжан: «Мен аламын», – деп жабысқан. Осы қыз екі тума арасына жік салып, Бекет-ата өзінің кызын күйеуімен ертіп, Оғыландаға кетеді. Оғыландаңың бұлағына үйін тігіп, шағын тебе бауырынан жарып, осы күнгі мешітті тұрғызады. Тебе үстінен кызы мен күйеу баласына орын сыйып: «Менімен бірге, елінен, жеріннен бөлініп, елсіз далада маган қара болғандарың үшін менен жоғары жатуға тиіссіндер, мені төменге жерлерсіндер», – деп өсиет қалдырған.

Осында тұрып жатканда, бұлактан жасырынып келіп су ішіп, адамға көрінбей жүрген аксақ балаға кездескен. Бекет-ата баланы емдеп, аяғының сынығын салып, жартылай жалаңаш баланы камкорлығына алады. Оны түрікменше оғыланым (казақша ұым) деп атап кетеді. Осы атак жердің, таудың географиялық атауына айналған. Оны оқытып, сауатын ашкан.

Бекет-ата қайтыс болғаннан кейін, Оғылан оның атағын шығаруға көп еңбек еткен, ол өлгеннен кейін, казақтар оны да әулие тұтыпты.

Енді Оғыландаңың тарихына келсек, мұның өзі бір хикая. Ушкан құс та, жүгірген аң да, бауырынан өнген балаға күймей ме, сондай оқиға ертеректе Жабай деген түрікмен мен оның баласының басынан еткен. Біреулер аңшылықты серуен — кызық үшін жасаса, біреулер күн көріс үшін жасайтыны анық. Ерте кезде Манкыстау өнірін түрікмендер мекендерегені мәлім. Соның бірі Манатта тауы Каракешуден басталып, күн шығысқа карай созылып жаткан ак бор тау. Ол Үстіртке карай тіркесіп, үсті теп-тегіс Алғидың ала дөңі болса, асты, төменгі жағы, мындаған сала, найзағай шокы, бектерінде некен-саяк тұшы, ашы бұлактары бар. Олардың бойы ойдым-ойдым камыс пен жүзген өскен көгалды болып келеді. Үзын сілем ак таулардың асты тегіс я күмды болса, кей жерлерінде аспаннан әкеліп коя салғандай бөлек-бөлек ак тау, ак шекелек маялар, адам колымен жасалғандай әр түрлі сурет іспетті таңғажайып табиғаттың құдіреті әдемі көрік береді. Солардың бірі — күннің шығысына карай омырауын көтеріп тұрған ак тау «Жабайы үшкан» деп аталады. Бұл Оғыланда тауының мандай алдында, қозы көштей жерде ғана. Осы жерді малдың жайына қарап, тұрмыс жағдайын құйттеген түрікменнің, өз еңбегімен күнін көрген бір кедейі — Жабай ата-бабасынан бері мекендейп, тәнір берген ырызық деп аталатын арқар, киік, карақүйрық аулап, күнін көріп, тамак асыраудың қамын жасайды екен.

„Сол Жабай тау жағалап, дабыл қағып, бүркіт үя салған таудың

бір үшпасын байқапты. Мұны сыртынан қадағалап жүріп, бүркіт балапаны караканат болды-ау, бүгін-ертең ұшып кетуі мүмкін-ау деген шамада баласымен тау басына келіп, баласын балапанды алуға үшпадан түсірген. Баласының беліне кырық құлаштай кыл арқанды байлап, мойнына шағын дорбасын асып, білегіне бұлдіргелі таяк кыстырып жатып:

- Балам корыкпа, тек салбырай бер, аякты теппелеп, арқанды саумалап, жібере бер, астындағы құзға карама, дәл осы тұстан үнемі нағыз ақиық қыран үшады. Ол өткенде қаскырға түсіп, опат болатын түйғынның ұяластары болар. Осы балапан мен көктүйғынды өзіне енші етемін, кызығын көресін. Балапанның ұшар кезі, саған кайран жасап көне де қоймас. Канатын кайыр да, басын жоғары караташ, дорбана сал да аузын бүре байла. Енесі саған шабуыл жасаса, колындағы таяқпен бастан, я топшысынан соғу дұрыс болады. Мен де мылтықпен жаскаймын. Жолын болсын,— деп, жазған әке жалғыз баласын бетінен бір сүйіп, саумалап, үшпаға түсіре бастады.

Әуелі канша кызық көрінгенмен, ұшла бауырында салбырап бара жаткан баланың жүрегі айнып, басы айнала бастады. Колы да дірілдеді.

Кауіпті жағдайды сезген қыран ұясынан ұшып шығып, шаңқылдалап, бүкіл тау бауырын басына көтерді. Бала бүркітке қарсы каруын даярлады. Бүркіт биіктей ұшып, балаға карай шүйілгенде, бала таяктын бұлдіргісін колына кигізіп, келсен, кел дегендей бір шошайып тұрған кіндік тастын үстіне аяғын басып, ұруға онтайланған бергенде, жоғарыда әкесінің мылтығы тарс етті. Бала ұяға жетті де, ак мамық үні түсіп, кара канат бола бастаған ұш балапан жаткан кіндік таска аяқ басты. Балапандар шаңқылдалап, жат жанға карсыласып, канаттарын сабалап, тырнактары сойдишп, шабуылга шыкты. Бірак қолындағы таяғымен жаскай, мөлдір кезі от шашып, айбат шеккен біреуіне тап беріп жабысты да, канатын кайырып, дорбаға тыкты. Басын жоғары караташ, дорбадан басын шыгарды да, дорбаның аузын жиырып байлады. Содан кейін арқанды катты-катты сілкіп, бар дауысымен айкайладап, әкесіне белгі берді. Тарт деп айкай салды.

Екі кісі бойындағы жоғарылай бергенде, тастың қыры қажаған арканың бір тіні, одан кейін екінші тіні үзілді де, бала сырғанай, құлдырай жөнелді. Шолтан етіп үзілген аркан әкесін шалқасынан түсірді. Бакыра тұрған өке мандайын сокқылап, сакалын жұлып канша айкайласа да, баладан еш дыбыс болмады. Дүние айналыш бара жаткандағы тенселіп, біраз жүріп, арғымағына отырды. Құйғытып үйіне келді. Үйінде өзінен баска ешкім жок еді, әйелі қайтыс болып, баласымен екеуі гана тұратын.

Жабай неде болса, бір тұңғиық ой түбіне кетті де, өзінше оны дұрыс деп тапты. Лашығына еніп, намазын оқып, таза киімдерін

киіп, жайнамазын бүктеп, аттың қанжығасына байлады. Тенселіп үйді бір айналып шықты да, отынға жинаған баяльшты үйдің іргесіне үйді, шакпағын колына алып, майлакыланып калған ескі құпінің астарын жыртып, мактасын алып түтіп, оған от берді. Үйдің он жағында тұғырда отырған Көктүйғынның томағасын алып, кош деп айтпастан босатып коя берді. Ол жоғары көтеріліп барып, үйге кайта оралды. Жаңып жаткан үйді үстінен шыр айналып кетпей қойды. От көтеріле бергенде, үй сыртында жатқан құмай тазысы шекесінен тұра калып, көкке мойнын созып, зарлана ұлыды. Арғымағы кісінеп, арқырап қоя берді. Жабай олардың біріне де көніл бөлмей, көзінен жасы моншактап, басы зенгіп, ойында тек кана «Ендігі өмірді баламның артынан барып, о дуниеден бір көрермін» деумен болды.

Ку баяльш лезде от алып, үйді жалын коршай жөнелді. Жабай каруын асынып, атқа конды, тазысын жетекке алды, аттың барлық шабысымен баласы үшкан шынға карай ұшырта жөнелді. Көтерілген отты көрген ауыл адамдары үйді құтқару әрекетіне кіріскеңде, Жабай ұзап кеткен болатын. Сақалын жуған көз жасы оған ешнәрсені де ойлатпады. Жүрек кабынып, касірет отына өртенді. Екі сөзінің бірі: «Жалғызым менің, ажалыңа ортак болған мен бейбак сенен қалып, қандай өмір сүрмекпін, касіреттің пырағына мініп, саган тез жетейін», – дегенді кайталаумен ұшпаға бар пәрменімен ат қойды.

Арғымак шынғырып, аспанға атылды, ойкастай айналып кетті. Жабай аттың көзін байлап, қайта үмтүлғанда, ат карсылық жасамады. Шың бауырында ұлпілдек сенсөн кара бөрік, жұтынған кара арғымак, оның артында кылғына сүйретілген тазы қалқып бара жатты.

Міне ұрпак касіреті, әкенің балаға деген сүйіспеншілігі, оның үстіне түрімен халқының мәрттігі, Жабайдың көз жұмып осындашын шешімге келуіне өкеліп соктырды. Жергілікті халық осы күнге дейін Жабайдың мұндай шешімге келуін бұрыс деп айтпайды, керісінше, мұның кайғысына ортак болғандай, бұған бас иіп, мұны да әулиелік деп есептейді.

Қапсағай тас үстіне құлап келе жаткан атты адамды көргенде, баланың есі шығып, шынғырып жіберді. Сол бойда гұрс еткен денелердің, сынган сүйектердің дыбысы естілді. Бәрі де бітті. Бала атын, сұлап өліп жаткан әкесі мен тазысын танып, есі шықты. Аркан үзілгенмен, қапсағай бауырмен сырғанай домалаган бала өр кенерге бір соктығып, қармануға мүмкіндік тапкан еді. Ең соңғы бес-алты қадам калғанда, катты домалап түскен, біраз уакыт талықсып, есін жиғанда, бір аяғының сынғанын білді. Еттері жыртылып, кан судай аккан.

Бала канша кайғырып, кан жұтканмен, опат болған әкесінің, арғымағының, тазысының енді кайтып келмейтінін түсінді. Он бес

шакырымдай Оғыланды тауына неше күн жүріп жеткенін білмейді, тауға жетіп, онын бұлағынан су ішіп, жуынды жаны қалады. Жаралы баланын тау манындағы ағайындарына жетуге еш мүмкіншілігі болмайды.

Оның үстіне, жалғыз, жаралы баланын кайғысына кырсық жалғасып, бұл өнірді мекендеген түрікмендер мен казактардың арасында алауыздық туып, түрікмендер бұл өнірден ығысып, коныс аударған. Сонымен жаралы бала ақи-таки адасып, жалғыз калып, елсізде жартылай жабайыланып, Оғыланды тауын мекендепті. «Құдай баккан қоңыр токты» дегендей, бұлакқа суға келген аркар мен киік, қарақүйрыққа аяқ тұзак күрүп, ұстауды үйреніпті. Адамды көрсе жасырынып, тіршілік етіпті. «Өлмеске өлі бальқ жолығып», бір күндерде Оғыланды бұлағына бір әйел, екі еркектен құралған казак кеші келіп, орналасады. Бұлар жоғарыда айтқандай Бекет-ата, оның қызы және күйеу баласы болады.

Міне, Бекет.-ата жөніндегі ел аузында калған көп естеліктердің бірі осындаидай.

Жем өзенін, оның төменгі сағасына орналаскан ауданды жергілікті халық Кең Жыльой деп атайды. Бұларды көбірек еске алуымыздың себебі, бұл жер осы өнірде өмір сүрген ел өте қадірлейтін, халықка ырыс, байлық әкелген құтты коныс болып саналады. Бұлар жөнінде киссаларда, жырларда, ақындар мен әншілердің аузынан кетпеген әндер, күйлер, көптеген тарих тағылымдары жатыр.

Ойыл кайда, Жем кайда, Сағыз кайда,
Жүйрік ат, өткір қыльш жанға пайда...

немесе:

Орынбор, Тұз төбенің тұзын көрсөң,
Жыльойдың таң каласын қызын көрсөң...

деп айтылатын әндер ғасырлар бойы айтылып, ел арасында осы күнге дейін сакталып келе жатканынын өзі жайдан жай емес. Құрманғазының «Төремұрат» атты күйі де осы Жыльой өнірінде, Жем бойында дүниеге келген.

Егер өткен аныздар мен үлкендердің айтып кеткен естеліктеріне көз жіберсек, адайлар Кіші Жүздің басқа рулары сиякты ерте заманда Алтай, Алатау аймактарын мекендеген екен дейді. Қай мезгілде екені белгісіз, адайдың Құдайке және Келімберді ауылдары бір дариядан (Шу өзені деп айтады) мұз үстімен өтіп жатканда, Құдайкенің кеші, үй ішімен мұз астына кетіп, тек өзі гана аман қалыпты-мыс. Құдайке сол кезде біраз жасқа келіп калған болса керек, інісі Келімбердінің үйінде тұрады. Келімбердінің өйелінің

айтуымен Құдайкеге жау елінен колға түскен бір кызды алып береді. Сол кісіден екі бала — Тәзіке, Косай туады. Осылар мен Келімбердінің алты баласын қосып, адайлар: «Сегіз арыспыз», — дейді.

Адайдың Құдайке мен Келімберді тұқымдары батыс аймағына XVII ғасырдың басына таман келген екен дейді, адай шежіресін осылардан бастайды. Ал бұдан бұрынғы аталарын айтпайды. Сонда адай Құдайке мен Келімбердінің әкесі ме? Егер осылай болса, бұл тіпті берідегі аталар. Ал кейбір деректерге карасак, адайдың кейбір тұқымдары — Жеменей, Бәйімбет, тағы баскаларының аттарымен аталатын жер аттары Алтай өнірінің арғы жағында да бар. Сондықтан біздің жобалауымызша Адай атамыздың ертеректе болуы анық, бірак бұл Құдайке мен Келімбердінің туган әкесі болуы мүмкін емес. Бірак ол кезде руға бөлінбеген болуы мүмкін, ал руға бөліне бастағанда ру басын арғы аталарының аттарымен атаған сиякты. Егер шежірені Құдайке мен Келімбердіден бастасак, барлығы 16-17 ата гана болады. Сонда оның арғы жағы кайда калады?..

Ал, қазақтың Үйсін, Қаңлы, Жалайыр, Найман, Қыпшак, Конырат тағы баскалары ертедегі тайпалар. Бұлардың балалары болып есептеліп, шежіреде көрсетіліп жүрген қазіргі рулар тіпті берідегілер. Осыған Караганда Албан, Суан, Дулат, Шапырашты тағы баскаларының арғы аталары — Үйсін екені анық. Бірак туган әкесі дегеніміз тарих есебіне сай келмейді.

Жоғарыда айтылғандай, бір кезде казак жеріне жау келіп құғыншылық болғанда Кіші Жұз рулары, соның ішінде онекі ата Байұлы Алатау өнірінен Сырдария бойын жағалап, арал теңізінің солтүстік бетімен батысқа беттеген. Мұны «Сауран айналған кездер» дейді.

Бұл жөнінде тағы бір анызда, он екі ата Байұлының бір тармағы Жаппас Арап мен Ырғыз маңында дүниеден өткен дейді. Жаппас дәuletті болған екен. Жастау кезінде кайтыс болғанға ұксайды. Ол кісінің жастай жесір қалған бәйбішесі Алтын шешеміз төркіндерін сағалап, сол жерде калып қойған. Онымен бірге Жаппас тұқымдарының көпшілігі осы маңда калган. Азғантай бөлігі батыска беттеп, бір катары Астрахань маңына дейін барған. Кейбір қағаз бетіне түсіп жүрген «шежірлерде» он екі ата Байұлын он үш ата деп, оған Алтынды косады. Бұл дұрыс емес, он үш ата Байұлы болған емес. Бірак Алтыннан да ұрпактар болған, олардың да Алтын деп аталуы мүмкін.

Алтын шешеміз жөнінде мұнан баска да әр түрлі аныздар баршылық. Тарих та мұны жокқа шыгармайды.

Он екі ата Байұлы рулары Ырғыз, Ор, Жем, Сағыз, Ойыл өзендері бойында, Үстірттің солтүстігінде калмактармен соғысып, ата мекенін жаудан босату жолында айқас салған. Бұны да тарих

деректері аныктайды. Осы жерлер үшін күрескен, кан төккен ерлер мен батырлар аттары осы күнге дейін ел аузында, тарихта өздерінің кадірлі орындарын алада.

Он екі ата Байұлы рулары, онын ішінде адайдың Кұдайке балаларының бір катары Жайық бетіне, одан әрі Еділ жағасына дейін барған. Олардың тұқымдары осы күнде Астрахань, Саратов, Волгоград, Орынбор мандарында барышылық. Көпшілік адайлар Жем, Сағыз, Қайнар, Ойыл өзендерінің бойын, Сам аймағын, Үстірттің терістік бетін мекен еткен.

Ел корғаған батырлардың есімімен аталатын мекендердің бірі — Жем бойының сол жак бетіндегі Құлшан Әулие. Сол тұстан 20 шакырымдай жерде, дөңнің басында, бұлак ағып жатқан жерді Есекжал деп атайды. Есек батыр адайдың Косай ұрпағынан, Алтай жағынан ойысканнан кейін, осы жерді коныстанған. Бұл кісінің батырлығын сипаттайтын неше түрлі аңыздар ел арасында ертегі сиякты айтылып жүреді. Ол «жезтырнакпен», «тау тайлакпен» алысан деп айтады.

Екінші бір жер — Жем өзенінің он жак бетінде, Құлсарайдан 50 шакырымдай терістікте, Макат өндірісінің онтүстігінде орналаскан Бек-Бике өндіріс орны. Қосайдың Тіней тармағынан шыкқан Тәнірберген батыр осы жерді мекен еткен. Ол бір соғыста қалмактардан колға тұсken бір сұлуды «ак биенін сутіне жуып, некелесіп, атын Бек-Бике койған екен» дейді. Ол жер казір Бек-Бике елді мекені болып канат жайған.

Дегенмен, жоғарыда айтылған жерлерде адайлар қанша тұрғаны белгісіз. Мал-жаны өскен олар коныс ізден Үстірт үстімен Манкыстау түбегіне карай бет алады. Ол кезде бұл жерде түрікмендердің Егдір, Шәудір, Бозашы, Абдал тағы басқа тайпалары тұрғанын тарих растайды. Осылармен адайлар көршілес тұрады, кейіннен бұлардың арасынан жанжал шығып, жер, су таршылығынан көптеген түрікмендер түстікке, қазіргі Қара-Бұғаздан әрі, кейбір тайпалары Ставрополь өтіп кетеді.

Ел арасында, аңыздарда айтылып жүргендей: «Адайлар түрікмендерді конысынан күшп шығып, жерін тартып альшты» деген шындыққа үйлесінкіремейді. Эрине, бұл екі ел арасында келіспеушілік болған. Көп түрікмен тайпалары өздері кеткен, бір катары кейін XIX ғасырдың аяғына дейін теніз жагасын қоныстыншып, қазактармен көршілес тұрған.

Шындығында, түрікмендер мен казактарды араздастырып, біріне бірін айдал салып, ел араздығын қоздырып отырған Хиуда хандығының саясаты. Бір кездерде түрікмендер де, адайлар да Хиуда хандығына тәуелді болып, салық төлеп отырған. Екі елдің басын коспау, біріктірмеу үшін жасаған саясат түрікмендерге де, адайларға да онай тимеген, көп қыншылыққа, жоқшылыққа, қырғын-ға ұшыраткан.

Осы екі ел арасындағы достықты дәлелдейтін мысалдардың

бірі — халық жазушысы Эбіш Кекілбаевтың арғы атасы Хожаназар жөнінде айтып кетсек артық болмайды. Хожаназар өзі бай, өзі батыр, Манқыстауды, теніз жағасын, казіргі Форт-Шевченко маңын жайлап, қыстаған түрікмен байы — Эжнияз-Бек дегенмен дос болған. Бұлардың ұрпактарының достығы бес атага дейін жалғаскан дейді.

Эжнияз-Бек өзінің досы, тамыры Хожаназарға Карагатаудың онтүстік бетіндегі, казіргі Онды маңын жайлауға, қыстауға бөліп береді. Сол жер осы күнге дейін Хожаназардың әuletтерінің тұрағы. Бір жылы Хожаназар қыстаудан ертерек көшіп, баласы Таганды жылқымен досының ауылын калдыра тұрады.

Тағанның сол кезде айттырып қойған калындығы Сырым батырдың атасы Шоланның кызы екен. Бірак Таган, Эжнияз-Бектің сұлу кызымен көніл қосып, кызды альп кашады. Кыз өте сұлу, кажырлы, кайратты болған. Бір анызда: жол бойында тас арасына кептеліп калған бір еркек койды көріп, Таған ат үстінен көтеріп алайын десе, шамасы келмейді, сонда кыз ат үстінен қойды өзі көтеріп алады. Бұл кыздан бес ұл туады. Ел оларды «Бес қалмак» деп атап кеткен дейді. Бәрі де карулы, батыр болады. Кыздың аты Сұксұр екен. Бұл қалмақша сұлу деген сөз. Неге түрікмен кызының атын калмақша койғаны белгісіз. Күзге карай Хожаназар, Эжнияз-Бекке елші жіберіп, кешірім сұрап: «Не айтса да көнемін, шешімін айтсын», — дейді. Эжнияз-Бек: «Кызым мен күйеуімді жіберсін, өзім тойын жасап, ұзатамын», — дейді. Бек сөзінде тұрып, кызын 100 карамен ұзатыпты. Сонымен Хожаназар Шоланның кызын да келін ғып түсіріп, екі келінін тойын бірге жасапты.

Эжнияз-Бек өлгеннен кейін, баласы Жәналы-Бек жарлы болады. Үйленуге, калынмал төлеуге малы болмайды. Жәналы-Бек шешесінің акылымен әкесінің досы Хожаназардан көмек сұрайды. Ол 40 еркек қой, 40 өре киіз беріп, сауынға түйе береді. Калын малды да төлейді.

Міне, түрікмендер мен қазактардың достығының бір көрінісі, ел арасында осылай дәріптеледі.

Бұл өнірде өмір сүрген тайпалардың кайсысы болса да өздерінің әдет-ғұрпы мен салт-санасын, өнер шеберлігін бейнелеп, айқын-дайтын тарихи ескерткіштерін қалдырып кеткен. Сол көне мұралар мен тарихи деректерге көз жіберсек, Манқыстау өнірінде бірката елдер мен тайпалардың өмір сүргендігіне көз жеткіземіз.

Қазак жерінен Днепрге дейінгі ұлан байтак территорияны қоныс еткен сактар, соңғы кезде түрік атальп төрт тұлік мал бағып, сол малдың етімен, жұнімен, сұтімен күн көрген. Тарихта бұлар да өздерінің мәдени іздерін қалдырды.

Тарихтың арғы түкпіріне бармай-ак ата-бабаларымыз мекен-деп, өніп-өсіп, өмір сүрген қазіргі казак жерінің өзі — ~~еткен~~ тарихи деректерімен, ерлік пен батырлықт~~армен~~ жылдаръ

ан түрлі ескерткіштерімен, естеліктерімен күнды екені белгілі. Ал Манқыстау өлкесі мұндай бай мұраға толы деп айтуға болады. Соңғы кездерде басылымдарда, газет, журналдарда жазылып жүргенідей, Казакстан аймағында жиырма мыңнан астам тарихи, мәдени ескерткіштер тіркеліпті десек, сонын жартысынан астамы (57 проценті) осы Манқыстау өнірінде.

Халықтын іскерлік, шеберлік өнерінін ең бір таңғажайып түрлері осы Манқыстау өнірінде калыпты десек, өтірікші бола коймаспсыз. Тастан тұрғызылған сәuletшілік ғимараттар, ағаштан, алтын, күмістен, темірден жасалған жиһаздар, зергерлік бұйымдар, өрмек току, ши орау, киіз басу өнерінің айырықша түрлері де осы жерден кездеседі.

Зорлық пен корлықтын, жоктық пен қуғыншылықтың дәмін адай еліндей ешкім басынан кешірмегені анық. 1930 жылдардағы тәркілеуден, 1931 жылғы көтерілістін зардабынан, 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтан кейін де, ел ішінде асыл киімдер, алтын, күміс тағы басқа кымбат бұйымдардың аз да болса калған жұкана-сы бар екеніне тан калмаска болмайды. Мұны тек қана соңғы кезде көре бастадық. Эсіресе әйелдердін киетін, тағатын асыл бұйымда-ры — өніржиек, сырғалар, жұзіктер, сакиналар, білезіктер, шашбаулардың неше түрлі әдемілерін, бірен-саран деңмент белбеулерді еліміз тәуелсіздік алғанша көрсетіп киіп, тага алмағанын, зардан шеккен халықтын корка соктап, кымтырылып, «тағы не болып кетер екен» деп алаңдағанынан деп білуге болады. Бірінші рет неше түрлі әйелдерге арналған кымбат бұйымдарды өз көзімізben 1993 жылы Кашаған жыраудың тойында, 1995 жылы Тобанияздың 120 жылдық мерекесінде ғана көрдік десек, өтірік емес. Бұл тойларда-ры тігілген киіз үйлердін тарихы, жасалуы, оның ішіндегі жасауы мен жабдығы өз алдына. Мұның бір айғағы 1993 жылы өткен ел жынында куллі республика халқын таң қалдырған Манқыстаудан әкеліп тігілген киіз үйлер. Мұны әкелген Форт-Шевченко кала-сынын тұрғыны Бозжанұлы Бакыт деген азамат. Әкімет басшыла-ры: «Сол киіз үйді астанаға қалдырыныз, шет жерден келген конактарға көрсетіп мактан етейік» дегенде: «Шаңырағымды тастанап кету ел салтына, дәстүріне жатпайды. Керек болса астанаға лайық үй жасап беруге болады», - деген Бакыт уәдесінде тұрып, 1993 жылдың казан айында сол бұрынғы үйінен артық болмаса кем емес, екі киіз үй жасап, әкімет басшыларына табыс еткен. Ол үйлерді ендігі жерде астанадан тамашалауға тольк мүмкіндік бар.

Осылың бір жалғасы — 1960 жылдары Түрікменстаннан көшіп келіп, Алматы облысына коныстанған бұрынғы Манқыстау қазактарынын ұлттық кім киоі, киіз үйлерді жабдықтау өзгешеліктері айырықша болғаны белгілі. Манқыстау елінде киіз үйге үлкен мән берген. Онын сүйегін - кереге, уық, шаңырак, босага, мандайша тағы баскаларын Хиуа, Хорезм жерінен әкелген. Ол жерлердін

ағаштары үй жасауға өте сапалы деп саналған. Ал, үйдін ішкі жиһаздарын, басынан аяғына дейін өздері жасайды. Бұлардың көпшілігі мал жұнінен иіріліп, токылып жасалады. Мысалы басқұр — жалпактығы 20-30 сантиметрдей, ұзындығы 6-8 канат үйдің керегесінің басын коршап байлауға жетеді. Бұл түрлі түсті, әсіресе қызыл, жасыл, сары бояулармен боялған жіптерден әшекейленіп токылады. Осы күні басқұрдың әр жеріне балаларының, немерелерінің аттарын жазып токитын болыпты. Ұықтардың сыртынан жүргізілетін бірнеше құрлар болады. Бұлардың жалпактығы 15-20 сантиметрдей, ұзындығы әр түрлі, үйдің сөнін келтіруге жасалған. Шаңырактан, ұықтардан, темен түсіріп байлайтын өдемі жұн жіптерден токылған жінішке желбаулар болады. Міне, осылармен үйдін ішін әшекейлегендеге үй іші жаркырап кетеді. Бұдан баска да тек киіз үйге арналған түрлі-түрлі жиһаздар бар. Бәрін түгел айтып шығу өте кын. Киіз үйдің керегесі қызыл қоңыр бояумен боялады. Торкөз керегенің көзінің кендігі 10-15 сантиметрден артық болмайды. Эрбір кереге бір канат деп аталады, алты канат үйде алты кереге, сегіз канат үйде — сегіз. Кереге жиналғанда оның басын біріктіріп байлайтын, тоқыма жінішке құр болады. Киіз үйдің ұықтарының ұзындығы, үйдің канатына байланысты, бұл да қызыл күрен болумен сырланады. Ұық бау да әдемі жұннен иірілген жіптен істеледі. Үйдің шаңырағы өте катты ағаштан істеледі. Шаңырак қоңыр бояумен боялады.

Киіз үйдің сөнін келтіретін — ши. Ши қызыл, жасыл, сары бояулармен боялған жұнмен оралады. Оралу мәні шиге салатын әшекейге байланысты, суреттер түрлі-түрлі болады. Кошқар мүйізді, терт бұрышты, дөңгелек әшекейлер салынаады. Шидің ұзындығы екі канат керегемен тең болады. «Шым ораулы болмаса, шидің сені келмейді» деген Молдабайдың әні шидің әдемілігіне арнап шығарылған ғой.

Босаға, табалдырық, мандайша, сықырлауыктар да ете едемі сырлармен әшекейленеді.

Кешегі жаугершілік кезеңі мен ел козғалып, шет жерлерге коныс аудара бастаған уақыттарда мұндай ауыр үйлерді алып жүру ете кын болды. Көп отбасылары үйлерін женілдettі. Торкөз керегеден, екі жел көз жасауға болады, сонда оның көзі торкөзден екі есе үлкен, салмағы тұра жартысына кемиді.

Қазақтың әдет-ғұрпында киіз үйді тіккенде, шаңыракты бақанмен тек кана ер адам көтеру керек. Бұл біріншіден шаңырактың ауырлығы әйелге көтеруге киындау болса, екіншіден казак әдетінде шаңырак иесі, үй кожасы ер адам деп есептеліп, шаңырак көтеру рәсімін ер адам жасау қағидасы өте катты сақталады.

Осыған байланысты біздің елде болған бір жағдайды айта кету артық болайды. Ауыл бір жерге келіп қонып, үй тігуге кіріскенде, ауылда бір жасы үлкен ер адамнан баска ешкім болмаған. Келіндері:

«Аға-еке шаңырак қөтеріп жібермесеніз болмас, ауылда сізден баска ешкім болмай тұр», - десе, ол кісі келіседі. Шал адам ак дамбал, ак көйлекпен (елде үлкен кісілер, үйде отырғанда осылай киінеді, шалбарсыз) шаңырақты қөтергенде, дамбалының бауы үзіліп кетіп, дамбалы аяғына түсіп кетіпті. Келіндері «ойбай қөтек» деп сырт айналып кете бастайды. Сонда әлгі ағамыз (атын айтудың кажеті жок болар), інісінін атын айтып: «Мен онын шаңырағын ортасына түсіретін жағдайым жок, ол ырымға жаман, келіндер уыктарынды шаншындар», - деп айқайлап шакырып алыпты. Содан үй тігіліп, жұмыс жайғасыпты. «Шаңырағын ортасына түссін» деген карғыс текten тек болмаса керек.

Киіз үйдін кадірін кетірген бір жағдайды еске алмауға болмайды. Жетпісінші жылдардың ішінде, шет ел туристері (кызырым-паздары) үшін таудағы Медеу стадионының касынан он бес шамалы киіз үй тігіліп, қонактарды бір-екі күнге сол үйлерде сыйлап, каржы табу камын жасағанын білеміз. Бірак оларды киіз үй деп айтуға болмайды, үш канат күрке, ел күлерлік нәрсе. Үй іші де, сыртқы көрінісі де өте жұпныны. Бұл тек қазакты күлкі етудің бір жолы десек өтірік болмайды. Сондыктан да болар, ондай «конак жайлыштын» өмірі кыска болды, кейіннен жабылды. Осыны басқарып жүрген сол кездегі басшылардың біреуіне: «Бұларын калай, казакты мазак етудің бұдан басқа жолын таппадындар ма?» - деп, «өзің білме, білгеннің тілін алма» дегендегі ештеме көрмеген, казактын ескі әдетінен макұрым мәңгүртке тап болғанымызға іштей күйінгенбіз.

«Казакта мәдениет жок, көшпенді, бүгін мұнда, ертең анда» деген сөз казактарды кемітудің бір белгісі. Казактар мал бағып, сол малдың өнімімен күн көрген. Сондыктан бір жерде отыра беруге жемшөптің тапшылығынан мүмкіншілігі бола бермеген. Олар қыстайтын жерінің отын жазда пайдаланбаған, жазда жайлауға шыккан. Терістік беттегі казактар қыстайтын жерлерінде тастан үй тұрғызып, сонда қыстаған да, жазда киіз үймен жайлауға шыккан. Ал Манқыстау казактары қыстау салмаған, қысы-жазы киіз үймен күнелткен. Себебі Манқыстау ойы қыста оте жылы, кар аз түседі, шөп шаптайтын, мал аяғымен жайылған. Көшкен казактар азап шеккен, қындық көрген деу кате түсінік. Көшкен елдің өзіне ылайық кызығы да болған. Ақсакалдар кеш бастап, ауылдың конатын жерлерін даярлайтын болса, жас жігіттер, қыздар атпен бөлек, көштен өте алысқа кетпей бірге жүрген. Ал әйелдер болса түйенің үстін отыруға ыңғайлап үлкейтіп, оны текеметпен коршап, емшектегі баласы болса, бесігін тұбектеп түйенің үстінде ұстайды. Бесік баланың өнебойы құрғақ болуын сактайтын, ал 3-5 жастағы балаларын түйенін жаңына кебеже байладап, соның ішіне отырғызады. Ол әрі жылы, әрі қауіпсіз. Түйенін жаңына кебеже байлау, түйенің адам отыратын жерін кеңітеді. Бір түйенің үстіне 2-3 баласымен бір әйел отыруга мүмкіндік болады.

Казактардың өздеріне лайык сәнділігі, жақсы, кымбат киім кио мәнері ертеден бар қасиет. Эйелдер ұзын көйлек, көзекей, камзол киіп, жаулық тартады. Кыздар бүрмелі көйлек, камзол, басына дөңгелек, үстіне үкі таккан, биік емес, бас киім киеді. Казіргі өте биік, сәүКелені қазактың қыздары тек күйеуге шығарда, барган жерінде киеді. Кыз күнінде сәукеле киүге болмайды. Казакта тағы бір жақсы әдет, қыздар қызыл орамал, шарқат тартады. Қызыл орамал тарту онын қыз екенін аныктайды. Қыз өз үйінде отырып, ак орамал салмайды. Ак орамал тарту тек кана келіндерге, жас әйелдерге арналған. Тіпті бір жағдайлармен өз үйіне кайтып келген қыз да қызыл орамал тартпайды, сол ак орамалмен жүреді. Қазакта өлең бар: «Басыннан қызыл шарқат ауган күні, санынды бір соғарсың күндер-ау деп» деген осыдан шыққан болар. Қызыл орамал кетті, ол енді қыз деп есептелмейді.

Жас келіншектер мен қыздар, әсіресе жаз шыға, көктем келе гүл-гүл жайнап, құлпыра түседі. Жібек мінезді, паң жүрісті, шашбау сылдырлап, алтын сырға жаркылдап, көк сөуір мәсі, барлық жібін күмістеп өткізген кебісінің козы құмалағындай коныраулаты күмбірлеп, тұла бойы, қолы толған моншақ, қозғалса сылдырлайды,. Құлактағы сырғалар, немесе аяқтағы шонқайма етік ерекшелісін береді. Міне қазақ қыздарының, жас әйелдерінің көркі осындаидай болған. Бірак осы күнде бұған біреу сенсе, біреу иланбауы да мүмкін.

Казак қызды өте қатты сыйлаған, сонымен бірге оларға өте қатаң караган. «Қызыға қырық үйден тыйым» деген де осыдан. Қыздарды жас күнінен айттырып қоюды, әйелді қорлау деп есептеуге болмайды. Ол отбасының берік болуынын басты шарты. Қызды жастай ұзатудың бір жаксылығы албырттықтан кететін кателіктен сактандырады, ары таза болады. «Қыз он беске келгенде, шашынан көп жаласы» дегеннен сактайтын. Екіншіден жастай ана болу, мейірімді болудың бірден-бір жолы, жас келін келген жерінде қадірлі болады.

Жас келінге түсетін жүктің де аз болмайтынын ескерген жөн. Казакта мама, папа деген болмаған. Келін күйеуінің әкесін — ата, шешесін — ене, ата, енесінен үлкен туыстарын да ата, ене дейді. Күйеуінің ағасын аға-еке, немесе аға, інісіне, ағасының әйелдері абысындарына лайыкты қосымша ат кояды. Өзі келмей тұрғанда туган ағаларының сәбілерінің де аты аталмайды. Жас келін ерте тұрып, тұндік ашып, жай жатып тұндік жапқан. Үй шаруасының баска да жұмыстарын жасаған. Бірінші сәбилі болғаннан кейін гана бұл жұмыстардың көбінен босатылады. Бұдан келіннің тек қана абырайы өсіп, ауыл ішінде қадірі артады. Келін күйеуінен үлкендерге сәлем ету қағидасын мықты ұстауға міндетті. Селем беру — тізесін бүгіп иілу. Оған көп жаса, бакытты бол деген бата алу үлкен құрмет. Келін күйеуінің, әкесінің, ағаларының қолын альп аман-

даспайды, тек сәлем етумен шектеледі. Жас келіннің ең басты касиеті абысын-ажынмен тату болу. Бұлар біреуінің баласын бірі алып, мәнгілік тату-тәтті өмір сүруге байланыстырады.. Казак әйелдерінің конак сыйлау касиеті де ең басты қағида. «Конак өз несібесін өзімен бірге ала келеді» немесе «келер жері кең болсын» деп, конактан барын аямайтын әйелдің аты бүкіл елге жайылған.

«Казак қызды, әйелді сыйламаған, оны малға саткан» деген кате, жетпей айткан қызыл империяның шығарған, қазакка жапкан жаласы. Қызға берген калынмалдан, қыз ұзатканда берілетін еншісі, жасауы одан бірнеше рет асып түсіп отырган. Бұрын қыз, бір жылдан кейін әкесінің, әкесі болмаса, ағасының үйіне төркіндеп келу әдеті болған. Төркіндеп келген қыздан ештеме аямаған, сұрағаның берген, сұрамаса да қыздың колын бос қайырмаған. Егер ол баласы мен жиенді ертіп келсе, бұл марапат бәрінен де асып түскен. Жиен нағашысына не жасап, еркелесе де ерікті болған. «Жиенге кол жұмсағанның, колы калтырауық болады» деген мақал бар.

Казакта қызға кол жұмсау деген болмаған. Қызды сыйлап, үйде жоғары отырғызып, бұлар әзірше, уакытша конак деп есептеген. Казак қыздары туған туыстарымен жылкы бағуға, аңға шығуға, тілтен жауға аттануға да барған. Атакты ел басқарған бәйбішелер, әнші, домбырашы, жыраулар да, он бармағынан өнер төгілген шеберлер де болған.

Бұл айтканымыз қазак қыздары жөніндегі біз білетін азғантайғана деректер. Ал, ер адамдарының киген киімдері, ер-тұрманда-ры, олардың үлкенде сыйлау, кішіге ілтипат, патриоттық касиеттері өз алдына. Казактардың бәрі бай болыпты, кимегенді киіп, ішпегенді ішіпті десек жалғандық болады. Жарлылары да, кедейлері де болған. Бәрі бірдей жақсы, қымбат киім киіпті деген де шындыққа үйлеспейді. Дегенмен қымбат киімнен малын аямаған. Естеліктерде бір акынның айтканына көніл бөлсек, ол: «Бір мырзамның белінде 100 жылкының құны деңмент бар» дейді. Деңмент белбеу алтын, күміспен, асыл тастармен әптелген өте қымбат дүние. Ер-тұрман, жүген, нокта, жона тағы басқалары да осындағы болған.

Жас жігіттердің бір көрінісін былай деп суреттеуге болады: балағы жырма, кошкар мүйізделген макпал шалбар, қызыл немесе көк макпал, мәндала бешпент, кама бәрік, аяғында көксәуір етік, белінде тұрме немесе деңмент белбеу. Күмістеген ер-тұрман, оның ішінде көксәуір жона. Бұлар да көзір, қазақ өмірінде келмеске кеткен киялмен тен.

Кешегі киыншылық заманда бұлар сиякты асыл бүйымдар бір аяқ ұнға, бір дорба бидайға айырбасталып, бөтен елдің меншігіне айналып кеткен.

Тағы бір айтатын нәрсе, ертеде ер адамдар, жасы ұлғайған әйелдер **мәсі**, кебіс киген. Бұлар жаугершілік емес, бейбіт уақытта